**Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы N 6 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша), ұлттық басқарушы мен ұлттық холдингтер:

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) апта сайын, есепті аптаның жұма күні сағат 18:00-ге және ай сайын, есептіден кейінгі айдың 1-күніне Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат, оның ішінде Жоспарды іске асыру шеңберінде бөлінетін қаражаттың пайдаланылуы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі:

1) апта сайын, есептіден кейінгі аптаның дүйсенбісіне және ай сайын, есептіден кейінгі айдың 5-күніне Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат, оның ішінде Жоспарды іске асыру шеңберінде бөлінетін қаражаттың пайдаланылуы туралы жиынтық ақпарат берсін;

2) ай сайын, 15-күнге Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне Жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар берсін;

3) екі апта мерзімде әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, мониторингінің нысандарын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне енгізсін.

4. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" және "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамдары ай сайын, есептіден кейінгі айдың 1-күніне Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің Кеңсесіне Жоспарды іске асыру шеңберінде бөлінетін қаражаттың пайдаланылуы туралы ақпарат берсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.06.11 N 890, 2009.07.20. N 1101 Қаулыларымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 13 қаңтардағы
N 6 қаулысымен
бекітілген

Ескерту. Жоспарға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.02.17 N 166, 2009.02.17 N 177, 2009.02.17 N 180, 2009.03.18 N 350, 2009.04.14 N 519, 2009.05.06 N 633, 2009.05.14 N 707, 2009.06.11 N 890, 2009.07.20. N 1101, 2009.07.21. N 1108, 2009.07.31. N 1163, 2009.09.28. N 1453, 2009.09.30. N 1482, 2009.10.09 N 1553, 2009.11.03 N 1747 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз), 2009.11.30 N 1962, 2009.12.30 № 2309, 2010.10.13 N 1064, 2010.11.23 N 1236, 2010.12.09 N 1339, 2010.12.28 N 1427, 2010.12.30 N 1474 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2021 № 918 қаулыларымен.

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шараның атауы | Жауапты орындаушылар | Аяқтау нысаны | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **I . Макроэкономикалық тұрақтылықты қолдау** | | | | |
| 1. | Теңгерімді ақша-кредит және салық-бюджет саясатын жүргізу | ҰБ, ЭБЖМ, Қаржымині, | Үкіметке ақпарат | Үнемі |
| 2. | Мемлекеттік бюджетке, Ұлттық қорға түсетін түсімдер серпінінің мониторингі және талдау | Қаржымині, ЖАО | Үкіметке есеп | Апта сайын |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3. | Өндіріс пен жұмыспен қамту серпінінің салалар, өңірлер мен ірі кәсіпорындар бөлінісіндегі мониторингі және талдау | ЭБЖМ, ИСМ, Еңбекмині, АШМ, ЖАО | Үкіметке есеп | Ай сайын |
| 4. | Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылуы және басқа да әлеуметтік көмек түрлері бойынша әлеуметтік төлем алуға өтініштердің мониторингі және талдау | Еңбекмині, ЖАО | Үкіметке ақпарат | Жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер бойынша - апта сайын, әлеуметтік көмектің басқа түрлері бойынша ай сайын |
| 5. | Төлем теңгерімінің мониторингі және бағалау | ҰБ, ЭБЖМ, Қаржымині, ИСМ | Үкіметке ақпарат | Тоқсан сайын |
| 6. | Бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыруға бөлінетін қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуының мониторингі, талдау және бақылау | Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар | Үкіметке есеп | Ай сайын |
| **II. Қаржы секторын тұрақтандыру** | | | | |
| **1.** | **Мемлекеттің қаржы секторындағы реттеу және қадағалау функцияларын күшейту** | | | |
| | **Ағымдағы шаралар:** | | | |
| 1.1. | Инвестициялық қызметке байланысты тәуекелдерді ескере отырып, меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалау бөлігінде жинақтаушы зейнетақы қорларын пруденциалдық реттеуді жетілдіру | ҚҚА | ҚҚА қаулысы | 2009 жылғы ақпан |
| | Базель комитетінің стандарттарына және халықаралық | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1.2. | практикаға жақындата отырып, ЕДБ меншікті капиталының ( бірінші деңгейдегі капиталдың) жеткіліктілігін бағалау жөніндегі ағымдағы тәсілдерді жетілдіру | ҚҚА | ҚҚА қаулысы | 2009 жылғы ақпан |
| | **Орта мерзімді шаралар** | | | |
| 1.3. | Банк және корпоративтік секторлардың сыртқы борышын талдау және реттеу | ЭБЖМ, Қаржымині, ҚҚА,ҰБ | Үкіметке ақпарат | Тоқсан сайын |
| 1.4. | Өтімділіктің тәуекелін бақылауға қойылатын талаптарды күшейту және банктер өтімділігінің стресс-тестингіне ұстанымдарды жетілдіру жолымен ЕДБ-дегі тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру | ҚҚА | ҚҚА қаулысы | 2009 жылғы наурыз, бұдан әрі - қажеттілігіне қарай |
| 1.5. | Арнаулы провизияларды проблемалы активтерге уақтылы қалыптастыруға қатысты ХҚЕС-ға жақындату, қайта құрылымдалған активтерді жіктеуге, провизияларды ( резервтерді) жалпыбанктік тәуекелдерге қалыптастыруға тәсілдерді жетілдіру бөлігінде банк активтерін жіктеудің қолданыстағы тәртібін оңтайландыру | ҚҚА, Қаржымині | ҚҚА қаулысы | 2009 жылғы сәуір, бұдан әрі - қажеттілігіне қарай |
| 2. | **Жүйе құраушы екінші деңгейдегі банктерді жай және артықшылығы баракцияларды сатып алу және/немесе депозиттерге орналастыру арқылы қосымша капиталдандыру** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Тетіктері:**<br>Жүйе құраушы төрт банкті жай және/немесе артықшылығы бар акцияларды сатып алу және/немесе депозиттерге орналастыру арқылы қосымша капиталдандыру және қаржыландыру. Банктерді қосымша капиталдандырудың жалпы сомасы 487,5 млрд. теңгені құрайды, оның бір бөлігі банктерге жай және/немесе артықшылығы бар акцияларды сатып алуға жіберілетін болады, екінші бөлігі экономиканың нақты секторын қаржыландыруға жіберілетін болады.<br>"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ банктер акцияларының бақылау пакетін иеленуі мүмкін.Берілген қаражатты банктер резервтердің (провизиялардың) барабар деңгейін қалыптастыруға және ел ішінде қарыз алушыларға кредиттер беруге жіберілген.<br>"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ капиталдандырылған банктердің ұзақ мерзімді қатысушысы болып қалмайды. Әлемдік қаржы дағдарысының әлсіреуіне және халықаралық капитал нарықтарына қол жеткізудің ашылуына карай " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ нарықтық қағидаттарымен, бірақ акцияларды сату бағасы сатып алу бағасынан төмен болмайды деген шартпен банктерге қатысушылардың құрамынан шығуы мүмкін | | | |
| | **Ағымдағы шаралар** | | | |
| 2.1. | Банктерді қосымша капиталдандыру жөнінде консультациялық қызметтер көрсету және қаржы секторын тұрақтандыру жөніндегі өзге де іс-шаралар үшін халықаралық қаржы консультанттарын тарту | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 20 қаңтарға |
| 2.2. | Банктерді кешенді тексеруді жүргізу үшін халықаралық аудиторлық компанияларды тарту | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 20 қаңтарға |
| 2.3. | Банктердің жай акциялардың қосымша эмиссиясы туралы шешім қабылдауы (банк акционерлерінің жалпы жиналыстарын өткізу) | ЕДБ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 1 ақпанға |
| 2.4. | ЕДБ қаржылық жай-күйін, активтерінің сапасын және ЕДБ қызметінің проблемалы | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ | Үкіметке есеп | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | аспектілерін бағалауды айқындау | | | 2009 жылғы 15 наурызға |
| 2.5. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ Директорлар кеңесінің отырысында банктерді жай және артықшылығы бар акцияларды сатып алу және/немесе депозиттерге орналастыру арқылы ЕДБ-ні қолдау туралы шешім қабылдау | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 25 наурызға |
| 2.6. | ЕБД-ге қаржыландыруды беру шарттары ( оның ішіне 2008 жылы бюджет қаражатынан капиталдандыруға алынған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан бөлінген " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның ақшалай қаражатын депозитке орналастыру жолымен), акцияларды қайта сатып алу, акционерлер арасындағы өзара қарым-қатынастардың және корпоративтік басқаруды жүзеге асырудың негізгі қағидаттары туралы уағдаластықтарға қол жеткізу (іске асыру туралы келісімдерге, опциялық келісімдерге, акционерлер арасындағы келісімдерге және | ЭБЖМ, Қаржымині, "Самұрық Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ | Үкімет қаулысы | 2009 жылғы ақпан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | өзге де келісімдерге қол қою) | | | |
| 2.7. | ЕДБ-ның акциялардың қосымша эмиссиясын тіркеуі | ЕДБ, ҚҚА | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 1 сәуірге |
| 2.8. | ЕДБ акционерлерінің жай акциялардың қосымша эмиссиясын артықшылықпен сатып алу құқығынан бас тарту туралы шешім қабылдауы | ЕДБ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 1 сәуірге |
| 2.9 | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның " Банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістердің негізінде ЕДБ-ның жай акцияларын сатып алуы | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 15 сәуірге |
| 2.10. | ЕДБ-ның артықшылығы бар акциялардың қосымша эмиссиясы туралы шешім қабылдауы ( банктердің акционерлердің жалпы жиналысын өткізуі: Халық Банкі , Қазком, БТӘ Банкі , Альянс Банкі) | ЕДБ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 15 сәуірге |
| 2.11. | Артықшылығы бар акциялардың қосымша эмиссиясын тіркеу | ЕДБ, ҚҚА | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 15 мамырға |
| 2.12. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның артықшылығы бар акцияларды сатып алуы | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 1 маусымға |
| 2.13. | *Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2309 Қаулысымен.* | | | |
| **3.** | **Стресті активтер қорының банктердің күмәнді активтерін сатып алуы және оларды кейіннен басқаруы** | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Ағымдағы шаралар** | | | |
| 3.1. | САҚ негізгі қызметінің меморандумын әзірлеу (САҚ Директорлар кеңесінің шешімімен САҚ меморандумын мақұлдау) | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, Қаржымині, ҚҚА | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы қазан |
| 3.3. | ЕДБ-мен банктердің САҚ сатып алатын стресті активтерін айқындау жөніндегі келіссөздер | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы қараша |
| 3.4. | САҚ эмиссиялайтын ноталарға тәуекелдердің барабар деңгейін беру | ҚҚА | ҚҚА қаулысы | 2010 жылғы қаңтар |
| 3.5. | ЕДБ-дан алынған ұсыныстарды бағалау және талдау үшін тәуелсіз консультанттарды тарту (активтерді бағалау, активтердің сыныптарын айқындау және консультанттардың оларды сатып алу бағасы (дисконт) жөніндегі ұсынымдары) | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы қараша, желтоқсан |
| 3.6. | ЕДБ-ның стресті активтерді және олар бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді сатып алу ережесін әзірлеу (стресті активтерді және олар бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді сатып алудың нақты рәсімдерін белгілеу, Ережені САҚ Директорлар кеңесінің мақұлдауы) | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы қазан, қараша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.7. | САҚ-тың облигациялық бағдарламасын мемлекеттік тіркеу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ҚҚА | Үкіметке ақпарат | 2010 жылғы қаңтар |
| 3.8. | САҚ облигацияларын шығару және ЕДБ-ның стресті активтерін және олар бойынша кепілдікті қамтамасыз етуді сатып алу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Ай сайынғы негізде Үкіметке есеп | 2010 жылғы қаңтардан бастап |
| 3.9. | САҚ активтерін құрылымдау және (кредиттік портфельді басқарудың кірістілігін қамтамасыз ету) | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Тоқсан сайынғы негізде Үкіметке есеп | 2010 жылғы мамырдан бастап |
| **4.** | **Инфляция деңгейі мен зейнетақы жинақтарының көлемін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналары түсімдерінің мониторингі, республикалық бюджетте инфляцияның деңгейін ескере отырып, іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен алушының зейнетақы төлеміне құқықты алуы сәтіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы өтеуге қажетті қаражатты жыл сайын жоспарлау** | | | |
| 4.1. | Инфляцияның деңгейі мен жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының зейнетақы жинақтарының көлемін ескере отырып, іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналары сомасының мониторингін ұйымдастыру | Еңбекмині, СА, ҚҚА | Үкіметке ақпарат | Тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күні |
| 4.2. | Инфляцияның деңгейі (оның ішінде инфляцияның болжанатын деңгейін) мен жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдеріне құқық алатын адамдардың | Еңбекмині, ЭБЖМ, ҰБ, ҚҚА | | Жыл сайын, сәуір |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | зейнетақы жинақтарының көлемін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналары сомасының болжамдарын жасау | | Үкіметке ақпарат | |
| 4.3. | Инфляцияның деңгейін ескере отырып, іс жүзінде енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен алушының зейнетақы төлеміне құқықты алуы сәтіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы өтеуге қажетті бюджет қаражатына қажеттілікті қалыптастыру ( ЭБЖМ-ге бюджеттік өтінім беру) | Еңбекмині | Үкіметке ақпарат | 15 мамырға дейін, жыл сайын |
| **III. Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу** | | | | |
| **Бағдарламаны қаржыландыру үшін қаражат тарту жөніндегі іс-шаралар** | | | | |
| **1.** | **"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның 480 млрд. теңге сомаға облигациялар шығару жолымен Ұлттық қордан қарыз алуды жүзеге асыруы.**<br>Ұлттық қордан және жинақтаушы зейнетақы қорларынан қаражат тартқанға дейін құрылысы аяқталмаған объектілерді қаржыландыруды уақтылы ұйымдастыру мақсатында "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ меншікті капиталын пайдаланатын болады. | | | |
| | **Ағымдағы шаралар** | | | |
| 1.1. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ға қаржылық агенттігі мәртебесін беру | ҚҚА, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | ҚҚА басқармасының қаулысы | 2009 жылғы<br>15 қаңтарға дейін |
| 1.2. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ облигацияларын Ұлттық қор қаражатын инвестициялау үшін рұқсат етілген | ЭБЖМ, Қаржымині, ҰБ " | Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық қорды басқару | 2009 жылғы<br>15 қаңтарға |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қаржы құралдарының тізбесіне қосу туралы ұсыныс | Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | жөніндегі кеңестің шешімі | |
| 1.3. | Облигациялық қарыздың негізгі параметрлері мен шарттарын бекіту ( транштар кестесін қоса алғанда) | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ҰБ, ЭБЖМ, Қаржымині, ҚҚА | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 30 қаңтарға |
| 1.4. | Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына өзгерістер енгізу | ЭБЖМ, Қаржымині, ҰБ | Президент Жарлығының жобасы | 2009 жылғы 16 ақпанға |
| 1.5. | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын орналастыру үшін материалдық емес активтерді қоспағанда, рұқсат етілген шетелдік қаржы құралдарының тізбесіне Ұлттық қордың активтерін қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестициялауға рұқсат беру бөлігінде өзгерістер енгізу | Қаржымині, ҰБ | Үкімет қаулысы | 2009 жылғы 16 ақпанға |
| 1.6. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ Директорлар кеңесінің отырысында Ұлттық қордың қаражатын тарту үшін облигациялар шығару туралы шешім қабылдау | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ Директорлар кеңесі отырысының хаттамасы | 2009 жылғы 20 қаңтарға |
| 1.7. | Ұлттық қордың қаражатын тарту үшін облигациялар | | Облигацияларды шығаруды | 2009 жылғы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | шығаруды мемлекеттік тіркеу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ҚҚА | мемлекеттік тіркеу туралы куәлік | 23 қаңтарға |
| 1.8. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ облигацияларын Ұлттық Банктің Ұлттық қордың портфеліне сатып алуы | ҰБ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, Қаржымині | Облигацияларды сатып алу-сату шарттары; ақша қаражатын "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шотына аудару | 2009 жылғы<br>30 қаңтарға |
| **2.** | **Ипотекалық кредит беру бағдарламасын қаржыландыру және тұрғын үй секторын дамыту үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының қаражатын тарту**<br>Тетіктері<br>ЖЗҚ қаражаты "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ облигацияларын қазақстандық қор биржасында шығару жолымен тартылатын болады.<br>Қарыз алудың негізгі параметрлері:<br>облигацияларды дебютті шығару көлемі - 120 млрд. теңге<br>өтеу мерзімі - 15 жылға дейін<br>купонның индикативтік ставкасы - 8,5%<br>болжамды шығару күні - 2009 ж. қазан.<br>"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ облигацияларына зейнетақы қорлары тарапынан сұраныс болған жағдайда 2009 жылы 360 млрд. теңгеге дейінгі көлемде қаражат тарту болжануда | | | |
| | **Ағымдағы шаралар** | | | |
| 2.1. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ эмиссиялайтын облигацияларға тәуекелдердің барабар деңгейін беру | ҚҚА | ҚҚА қаулысы | 2009 жылғы ақпан |
| 2.2. | Қаржымині мен "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның ішкі нарықта қарыз алудың келісілген, көлемі мен шарттарын бекіту | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, Қаржымині | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы<br>1 ақпанға |
| 2.3. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның 2008 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару | 2009 жылғы<br>1 шілдеге |
| | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның 2009 жылдың бірінші жарты | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2.4. | жылдығындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолу жүргізу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару | 2009 жылғы 1 қыркүйекке |
| 2.5. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның 480 млрд. теңге сомасындағы облигациялық бағдарламасын мемлекеттік тіркеу және 120 млрд. теңге сомасындағы дебютті шығарылымды тіркеу | ҚҚА, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Облигациялық бағдарлама мен бірінші шығарылымды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алу | 2009 жылғы 15 қыркүйекке |
| 2.6. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ облигацияларын шығару және оның қазақстандық KASE қор биржасында листингтен өтуі | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, KASE | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 1 қазанға |
| 2.7. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ облигацияларын орналастыру (ипотекалық кредит беру және тұрғын үй секторын дамыту бағдарламасын қаржыландыру үшін ЖЗҚ қаражатын тарту) | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметке ақпарат | 2009 жылғы 15 қазанға |
| **Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі қолданыстағы тетіктерді іске асыру** | | | | |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 қарашадағы N 1039 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын іске асыру шеңберінде, елдің ипотека нарығындағы тұрақтылығын қамтамасыз ету, үлескерлер құқықтарын қорғау және құрылыс объектілерін аяқтау мақсатында жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешудің мынадай тетіктері жүзеге асырылады. | | | | |
| **3.** | **Объектілер салуды аяқтауға құрылыс салушыларға одан әрі кредит беру үшін екінші деңгейдегі банктерде негізделген депозиттер орналастыру үшін қаражат бөлу.** "Қазына" ОДҚ" АҚ-ға 95 млрд. теңге бөлінді. "Қазына" ОДҚ" АҚ 2008 жылы Астана қаласындағы 31 объектіні 40,8 млрд. теңге сомасына және Алматы қаласындағы 14 объектіні 23,1 млрд. теңге сомасына қаржыландыруды жүзеге асырды. | | | |
| 3.1. | ЕДБ-де негізделген депозиттер орналастыру жолымен Астана және Алматы қалаларында | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ | | Ай сайын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | объектілер салуды аяқтаудың қаржыландырылуын жалғастыру | | Үкіметке ақпарат | |
| 4. | **Мемлекеттің пәтерлер сатып алуы.**<br>Құрылыс салушылардан Астана қаласындағы құрылыс объектілерінен пәтерлер сатып алуды жүзеге асыру үшін Астана қаласының әкімдігіне 41 млрд. теңге бөлінді , соның ішінде 2008 жылы - 21 млрд. теңге. Астана қаласының әкімдігі 47 объектіден 6223 пәтер сатып алуға шарт жасасты, қаражатты игеру сомасы 21,5 млрд. теңгені құрайды.<br>пайдалануға берілетін тұрғын үй (барлығы 2224 пәтер) мынадай тәртіппен:<br>1) 2124 пәтерді кейіннен орталық мемлекеттік органдардың арасында бөлу орталық мемлекеттік органдардың арасында бөлу және оларды мемлекеттік қызметшілерге, оның ішінде елордаға қоныс аударғандарға беру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілген Астана қаласының бұрынғы мектепке дейінгі ұйымдарының ғимараттарында тұрып жатқан тұлғаларды заңнамаға сәйкес тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 124 (бір жүз жиырма төрт) пәтер (ҚМ-47, ІІМ-30 , ҰҚК-17, РҰ-30) "Астана қаласының тұрғын үй басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қалалық жылжымайтын мүлік" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (бұдан әрі - "Қалалық жылжымайтын мүлік" МКК) берілетін болады.<br>Іс-шаралар жоспардың шеңберінде Астана қаласының әкімдігі сатып алған тұрғын үйлерді іріктеу және бөлу мәселелері бойынша ұсынысты әзірлеу мақсатында тиісті Комиссия құрылады.<br>Комиссия осы Жоспарға және Комиссия туралы ережеге сәйкес Астана қаласының әкімдігі ұсынған пайдалануға берілген тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) туралы материалдарды зерделеуді сол жерге барып жүзеге асырады, кейіннен оларды мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде елордаға қоныс аударғандар арасында бөлу үшін орталық мемлекеттік органдарға берілетін пәтерлердің тізбесін жасайды.<br>Орталық мемлекеттік органдар бойынша пәтерлер санының квотасын Премьер-Министрмен келісім бойынша Комиссия айқындайды.<br>Комиссия әрбір тұрғын үй (тұрғын ғимарат) бойынша пәтерлердің жалпы санына пайыздық қатынасы бойынша әрбір мемлекеттік органға бөлінетін пәтер санын айқындайды.<br>"Қалалық жылжымайтын мүлік" МКК-ға берілетін тұрғын үй қоныс аударған мемлекеттік қызметшілерге басым тәртіппен беріледі, олардың құқықтық режимі қызметтік тұрғын үйге теңестірілуі мүмкін, бұл ретте, орталық мемлекеттік органдардың басқа мемлекеттік қызметшілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілген Астана қаласының бұрынғы мектепке дейінгі ұйымдарының ғимараттарында тұрып жатқан тұлғаларға тұрғын үй тұрғын үйді жалдау шартымен берілетін болады.<br>Елорданы көшіруге байланысты Астана қаласына қоныс аударған және тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген (бөлме санына қажеттілікті көрсете отырып) мемлекеттік қызметшілердің тізімін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жасайды және тиісті шешім қабылдау үшін Комиссияның қарауына енгізеді.<br>Қоныс аударған мемлекеттік қызметшілер берілген пәтерден бас тартқан жағдайда орталық мемлекеттік орган оны қайта бөлуі мүмкін.<br>Тұрғын үй беруге ұсыныс жасалған (жалдау шарттарымен) мемлекеттік қызметшілердің тізімі жыл сайын орталық мемлекеттік органның тұрғын үй | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | комиссиялары отырыстарының хаттамаларымен бекітіледі және "Қалалық жылжымайтын мүлік" МКК-ға тапсырылады.<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілген Астана қаласының бұрынғы мектепке дейінгі ұйымдарының ғимараттарында тұрған тұлғалардың тізімін берілген ғимараттардың теңгерім ұстаушылары болып табылған орталық мемлекеттік органдар "Қалалық жылжымайтын мүлік" МКК-ге ұсынатын болады.<br>Жалдау (жалға алу) шарттары бір жылдан аспайтын мерзімге жасалады, бұл ретте, жалдау (жалға алу) шартын бұзуға негіз болмаған жағдайда, орталық мемлекеттік орган ұсынатын тізімге сәйкес ол келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.<br>Пәтер мемлекеттік қызметшінің жалдау (жалға алу) шартының талаптарын орындамауына байланысты және өзге де себептер бойынша босатылған жағдайда орталық мемлекеттік орган оны тұрғын үйге мұқтаж мемлекеттік қызметшілердің арасында қайта бөлуі мүмкін.<br>2) кейіннен "Қазақ ұлттық өнер университеті" ММ (бұдан әрі - "ҚазҰӨУ" ММ) профессор-оқытушылық құрамының арасында бөлу үшін 100 (жүз) пәтер.<br>Бұл ретте, кейіннен "ҚазҰӨУ" ММ профессор-оқытушылық құрамының арасында бөлу үшін көрсетілген 100 (жүз) пәтер жалдау шартымен берілетін болады.<br>Тұрғын үй беруге ұсыныс жасалған (жалдау шарттарымен) "ҚазҰӨУ" ММ профессор-оқытушылық құрамы қызметкерлерінің тізімі жыл сайын "ҚазҰӨУ" ММ-ның тұрғын үй комиссиясы отырыстарының хаттамаларымен бекітіледі және " Қалалық жылжымайтын мүлік" МКК-ға тапсырылады.<br>Жалдау (жалға алу) шарттары бір жылдан аспайтын мерзімге жасалады, бұл ретте жалдау (жалға алу) шартын бұзуға негіз болмаған жағдайда "ҚазҰӨУ" ММ ұсынатын тізімге сәйкес ол келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.<br>"ҚазҰӨУ" ММ профессор-оқытушылық құрамының қызметкері берілген пәтерден бас тартқан жағдайда "ҚазҰӨУ" ММ оны қайта бөлуі мүмкін.<br>Пәтер "ҚазҰӨУ" ММ профессор-оқытушылық құрамы қызметкерінің жалдау (жалға алу) шартының талаптарын орындамауына байланысты және өзге де себептер бойынша босатылған жағдайда "ҚазҰӨУ" ММ оны тұрғын үйге мұқтаж "ҚазҰӨУ" ММ профессор-оқытушылық құрамының өзге қызметкерлері арасында қайта бөлуі мүмкін. | | | |
| 4.1. | Астана қаласы әкімдігінің пәтерлер сатып алуды аяқтауы (әкімдіктің пәтерлерді меншікке қабылдауы) | Астана қаласының әкімдігі | Үкіметке ақпарат | 2009 жыл |
| **5.** | **Проблемалы объектілер салуды аяқтау үшін Астана, Алматы қалаларының әкімдіктеріне ақша бөлу.**<br>Проблемалы объектілер салуды аяқтау үшін Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері ЖШС-лар құрды және тиісінше 17,2 млрд. және 10 млрд. теңге бөлінді. Теріс пиғылды құрылыс салушылардан мүлікті талап ету және ТҚК беру туралы Астана қаласы бойынша берілген 19 сот талабы бойынша соттың шешімдерімен залалдың орнын толтыру ретінде үлескерлерге аяқталмаған үлестік құрылыс объектілерінің барлығына құқықтар берілді. Алматы қаласы бойынша 2009 жылы 1058 пәтердің құрылысын аяқтауға конкурс өткізілді, соның 660-ы істердің соттарда қаралуы бойынша алданған үлескерлер үшін көзделуде. | | | |
| | Астана және Алматы қалаларындағы проблемалы | Астана және Алматы | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.1. | объектілер құрылысын аяқтау ( объектілерді мемлекеттік қабылдау) | қалаларының әкімдіктері | Үкіметке ақпарат | Ай сайын |
| 6. | **ЕДБ-дағы ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқықтарын сатып алуды жүзеге асыру үшін "Қазақстандық ипотекалық компания" АҚ-ны қорландыру.** "Қазақстандық ипотекалық компания" АҚ-ның бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын іске асыру шеңберінде ЕДБ-дағы ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқықтарын сатып алуды жүзеге асыру үшін 20,5 млрд. теңге бөлінді, соның 10,5 млрд, теңгесі игерілді. | | | |
| 6.1. | "ҚИК" АҚ-ның ипотекалық кредиттері бойынша ЕДБ-ден талап ету құқықтарын сатып алу (тиісті шарттар жасасу) | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметке ақпарат | Ай сайын |
| **Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі жаңа тетіктерді іске асыру** | | | | |

**Тетіктері:**

1) Тұрғын үйді тіркелген баға бойынша өткізе отырып, тұрғын үй объектілері құрылысын ЕДБ арқылы қаржыландыру.

Осы бағыт шеңберінде ЕДБ арқылы өтетін қаражат салынған тұрғын үйді сатып алу үшін заңды тұлғаларға кейіннен ипотекалық кредиттер бере отырып, объектіні салуды аяқтау үшін құрылған жобалау компаниясына беріледі;

2) тұрғын үйді еркін бағамен сата отырып құрылысты ЕДБ арқылы қаржыландыру.

Бұл тетік кейіннен ЕДБ-ның тұрғындарға мерзімінен бұрын өтеу құқығымен жылдық 10,5%-бен 15 жыл мерзімге дейін ипотекалық кредиттер беру және бұрын берілген ипотекалық қарыздарды жылдық 11%-ға дейін қайта қаржыландыру ставкасы бойынша қайта қаржыландыру мүмкіндігімен ЕДБ-да 15 жылға кредиттік желілер (банк салымдары шарттары) ашу жолымен іске асырылатын болады. Бағдарламаның қолданылу мерзімі - шектеулі.

Ипотека ЕДБ арқылы мынадай тәртіппен берілетін болады:

құрылыс салушылар ипотекалық кредит беру схемасы бойынша пәтер сатып алушылардың пулдарын қалыптастырады. Сатып алушылардың қалыптасқан пулдары жалпы сомада салынып жатқан объектідегі сатылмаған пәтерлердің жалпы санының кемінде 30%-ын жабуы тиіс;

ЕДБ сатып алушыларға ипотекалық кредит беру туралы шешім қабылдайды;

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ЕДБ-мен келісілген құжаттар тізбесіне сәйкес одан әрі ипотекалық кредит беру үшін ЕДБ қалыптастырады;

3) құрылысты "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның еншілес ұйымдары арқылы қаржыландыру.

Осы бағыт шеңберіндегі қаражат "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның еншілес ұйымы арқылы салынған тұрғын үйді сатып алу үшін жеке тұлғаларға кейіннен ипотекалық кредиттер бере отырып объектіні салуды аяқтау үшін құрылған жобалау компаниясына беріледі;

3-1) "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы арқылы құрылысты аяқтауды қаржыландыру. "Global building contract" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласындағы "Сайран" мегааауданының, "Үш төбе" тұрғын үй кешенінің және Астана қаласындағы "Гранд Алатау" тұрғын үй кешенінің құрылысын аяқтауы "Стресті активтер коры" акционерлік қоғамының 20 млрд теңге сомасындағы мерзімді банктік салымын "Казкоммерцбанк" акционерлік қоғамында орналастыру арқылы оған мынадай шарттарда кредит беру жолымен жүзеге асырылатын болады:

1) орналастыру - біржолғы, бір траншпен;

2) салым мерзімі - 20 (жиырма) жыл;

3) салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 1 % (бір пайыз);

4) негізгі борыш бойынша жеңілдікті кезең - 10 жыл; негізгі борышты төлеу - жеңілдікті кезең өткеннен кейін бірдей жылдық төлемдермен;

5) сыйақы бойынша жеңілдікті кезең - құрылыс кезеңіне; сыйақы төлеу - жеңілдікті кезең өткеннен кейін бірдей жартыжылдық төлемдермен.

Алматы қаласында "Тау Самал" тұрғын үй кешені бірінші кезегінің құрылысын қаржыландыру "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы арқылы былайша жүзеге асырылатын болады: "БТА Банкі" акционерлік қоғамының Алматы қаласындағы "Тау Самал" тұрғын үй кешенінің бірінші кезегі түріндегі кепіл мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алынады және Алматы қаласындағы "Тау Самал" тұрғын үй кешені бірінші кезегінің құрылысын 7 млрд теңге сомасына аяқтауды қамтамасыз ететін "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамына беріледі.

Алматы қаласындағы "Солнечный квартал" және "Шаңырақ" тұрғын үй кешендерінің құрылысын қаржыландыру "Стресті активтер қоры" акционерлік қоғамы арқылы 3 млрд теңге сомасына жүзеге асырылады, оның ішінде "Солнечный квартал" тұрғын үй кешенін қаржыландыруға - 2 млрд теңге, " Шаңырақ" тұрғын үй кешеніне - 1 млрд теңге.

2021 жылдан бастап "Қазақстан Халык Жинақ Банкі" акционерлік қоғамындағы банктік салымнан қайтарылған "Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамының қаражаты "CG Land" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мынадай шарттарда кредит беру жолымен Алматы облысындағы " G4 City" қала құрылысының инвестициялық жобасын қаржыландыруға бағытталады:

1) кредит сомасы - 13,2 млрд теңге;

2) қаражат беру - біржолғы, бір траншпен;

3) кредит мерзімі - 2029 жылды қоса алғанға дейін;

4) кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі - барлық шығыстарды, салықтарды және міндетті төлемдерді қоса алғанда, жылдық 1 % (бір пайыз);

5) негізгі борыш бойынша жеңілдікті кезең - 36 ай, негізгі борышты төлеу - жеңілдікті кезең өткеннен кейін бірдей жартыжылдық төлемдермен;

6) сыйақы бойынша жеңілдікті кезең -капиталдандыру есебінен 36 ай, сыйақы төлеу - капиталдандырылған сыйақыны ескере отырып, жеңілдікті кезең өткеннен кейін бірдей жартыжылдық төлемдермен;

7) нысаналы мақсаты - "G4 City" қала құрылысының инвестициялық жобасын дамыту, оның ішінде "G4 City" жобасының жер учаскелерін дамыту;

8) кепілмен қамтамасыз ету - "G4 City" жобасы бойынша жалпы ауданы 199 га жер учаскелері.

4) ипотекалық кредиттерді қайта қаржыландыру

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **7.** | **Тұрғын үйлерді тіркелген бағамен сата отырып құрылысты ЕДБ арқылы қаржыландыруды ұйымдастыру** | | | |
| | **Ағымдағы шаралар** | | | |
| 7.1. | Е Д Б қаржыландырылуы жоспарланған объектілерді іріктеуді жүргізеді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ және құрылыс салушы | | 2009 жылғы 1-тоқсан бойы |
| 7.2. | ЕДБ мен " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ Өзара іс-қимыл туралы меморандум жасасады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Меморандум | 2009 жылғы 1-тоқсан бойы |
| | **Орта мерзімді шаралар** | | | |
| 7.3. | Құрылыс салушы жобалау | Құрылыс салушы | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | компаниясын ( бұдан әрі ЖК) құрады | | ЖК тіркеу, құқықтар мен активтер беру | 2009 жылғы 1-жарты жылдық бойы |
| 7.4. | ЕДБ Кредит комитеті ЖК-ге кредит беру туралы шешім қабылдайды | ЕДБ | ЕДБ Кредит комитетінің шешімі | 2009 жылғы 1-жарты жылдық бойы |
| 7.5 | ЕДБ тоқсандық қаржыландыру қажеттілігін ескере келе қажетті қаражат сомасын көрсете отырып және ҚМЖ кестесімен " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ға өтінім жібереді | ЕДБ | Тапсырыс хат | 2009 жылғы 1-жарты жылдық бойы |
| 7.6. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ мен ЕДБ Жедел банктік салым туралы шарт жасасады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Жедел банктік салым туралы шарт | 2009 жылғы 1-жарты жылдық бойы |
| 7.7. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ҚМЖ кестесі мен техникалық қадағалау жөніндегі тәуелсіз сараптама ұйымдарының өткен тоқсанның қаражатын нысаналы жұмсау және іс жүзінде игеру туралы қорытындыларына сәйкес тоқсан сайын ЕДБ-де қаражат орналастыруды жүзеге асырады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | | Шарт жасалғаннан кейін 10 күн ішінде |
| 7.8. | ЖК объект құрылысын аяқтайды және объектіні мемлекеттік қабылдау актісін алады | Жобалау компаниясы | Мемлекеттік қабылдау актісі | ҚМЖ кестесіне сәйкес |
| 7.9. | ЕДБ мен " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ Объектіге ипотекалық кредит беруді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Объектіге ипотекалық кредит беруді | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыру туралы шарт жасасады | | ұйымдастыру туралы шарт | Актінің алынуына қарай |
| 7.10. | ЕДБ ай сайынғы негізде азаматтардың объектіден тұрғын үй сатып алу бойынша қолда бар өтініштер санын ескере келе "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ға ипотекалық кредит беруді ұйымдастыруға қажетті сомаға өтінім береді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Тапсырыс хат | Шарт жасалғаннан кейін ай сайын |
| 7.11. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ алынған өтінімге сәйкес ай сайын ЕДБ-де қаражат орналастыруды жүзеге асырады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | ЕДБ-де қаражат орналастыру | Шарт жасалғаннан кейін ай сайын |
| 7.12. | ЕДБ бір ай өткен соң "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ға берілген ипотекалық қарыздар туралы растаушы ақпарат береді | ЕДБ | ЕДБ-ден есептік ақпарат | Шарт жасалғаннан кейін ай сайын |
| 7.13. | ЖК ипотекалық қарыз алушыларға тұрғын үйлердің сатылуына орай Банктің кредитін өтейді | Жобалау компаниясы | | Сатылуына қарай |
| 7.14. | Банк Жедел банктік салым туралы шарт бойынша "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ қаражатын қайтаруды жүзеге асырады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | | Жедел банктік салым туралы шарттың мерзімі өтуіне қарай |
| | Банк Тұрғындарға ипотекалық кредит беруді ұйымдастыру | | | Ипотекалық кредит беруді |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7.15. | туралы шарт бойынша " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ қаражатын қайтаруды жүзеге асырады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | | ұйымдастыру туралы шарттың мерзімі өтуіне қарай |
| 7.16. | ЕДБ Бірлескен іс-қимылдар жоспарында баяндалған шарттарға сай келетін ипотекалық қарыз алушылар объектісі бойынша " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ға қайта қаржыландыру туралы өтінім береді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Тапсырыс хат | 2009 жылғы 1-тоқсан бойы |
| 7.17. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ қарызды өтеудің қалған мерзіміне объекті бойынша бұрын берілген ипотекалық кредиттерді қайта қаржыландыру үшін ЕДБ-де қаражат орналастырады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ | Жедел банктік салым туралы шарт | Сараптаудан кейін 15 күн ішінде |
| **8.** | **Тұрғын үйді еркін бағамен сата отырып құрылысты ЕДБ арқылы қаржыландыруды ұйымдастыру** | | | |
| | **Ағымдағы шаралар** | | | |
| 8.1. | ЕДБ-нің ипотекалық кредит беру үшін объектілер тізбесін қалыптастыруы | ЕДБ | ЕДБ-нің кредит комитетінің тізбені бекіту туралы шешімі | 2009 жылғы 1-тоқсан |
| 8.2 | Ипотеканы қорландыру үшін қажетті құжаттар тізбесін келісу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Құжаттар тізбесі | 2009 жылғы 1-тоқсан |
| 8.3. | ЕДБ мен " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ арасында Банктік салым шартын жасасу | "Самұрық-Қаз ына" ҰӘҚ" АҚ | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ мен ЕДБ арасындағы Банктік салым шарты | 2009 жылғы 1-тоқсан |
| | **Орта мерзімді шаралар** | | | |
| | Ағымдағы кезеңде ипотекалық кредит | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8.4. | беру үшін қажетті соманы көрсете отырып ЕДБ-ден ай сайын өтінімдер алу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | ЕДБ өтінімі | Ай сайын |
| 8.5. | Ағымдағы кезеңде ипотекалық кредит беру үшін ЕДБ-нің ай сайынғы қажеттілігін жабу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | ЕДБ-де қаражат орналастыру | Ай сайын |
| **9.** | **Тұрғын үйді тіркелген баға бойынша сата отырып, құрылысты "Даму" КДҚ" АҚ мен "ТҚЖБ" АҚ, "ҚИК" АҚ арқылы қаржыландыруды ұйымдастыру** | | | |
| | **Ағымдағы шаралар** | | | |
| 9.1. | "Даму" КДҚ" АҚ құрылыс секторы субъектілерін тікелей кредит беруді қамтамасыз ету үшін өзінің нормативтік-құқықтық базасын сәйкестендіреді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "Даму" КДҚ" АҚ | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ мен " Даму" КДҚ" АҚ басқармалары уәкілетті органдарының шешімі | 2009 жылғы қаңтар |
| | **Орта мерзімді шаралар** | | | |
| 9.2. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ қаржыландырылуы жоспарланған объектілерді іріктейді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, құрылыс салушы | | 2009 жылғы 1-тоқсан бойы |
| 9.3. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ мен құрылыс салушы Өзара іс-қимыл туралы меморандум жасасады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, құрылыс салушы | Меморандум | 2009 жылғы 1-тоқсан бойы |
| 9.4. | Құрылыс салушы жобалау компаниясын ( бұдан әрі - ЖК) құрады | Құрылыс салушы | ЖК тіркеу, құқықтар мен активтер беру | 2009 жылғы<br>1 -жарты жылдық ішінде |
| 9.5. | Құрылыс салушы мен "Даму" КДҚ" АҚ құрылыс объектілерінің техникалық аудитін жүргізеді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "Даму" КДҚ" АҚ, құрылыс салушы | | 2009 жылғы<br>1-жарты жылдық ішінде |
| 9.6. | "Даму" КДҚ" АҚ Кредит комитеті ЖК кредит беру туралы шешім қабылдайды | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "Даму" КДҚ" АҚ | ЕДБ Кредит комитетінің шешімі | 2009 жылғы 1-жарты жылдық ішінде |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9.7. | "Даму" КДҚ" АҚ тоқсандық қаржыландыру қажеттілігін ескере келе қажетті қаражат сомасын көрсете отырып және ҚМЖ кестесімен "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ға өтініш жібереді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "Даму" КДҚ" АҚ | Тапсырыс хат | 2009 жылғы 1-жарты жылдық ішінде |
| 9.8. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ мен "Даму" КДҚ" АҚ Қарыз шартын жасасады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "Даму" КДҚ" АҚ | Жедел банктік салым туралы шарт | 2009 жылғы 1-жарты жылдық ішінде |
| 9.9. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ қаражатты ҚМЖ кестесі мен техникалық қадағалау жөніндегі тәуелсіз сараптама ұйымының өткен тоқсанның қаражатын нысаналы пайдалану және іс жүзінде игеру туралы қорытындыларына сәйкес тоқсан сайын "Даму" КДҚ" АҚ-ға орналастыруды жүзеге асырады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | | Шарт жасасқаннан кейін 10 күн ішінде |
| 9.10. | ЖК объектіні салуды аяқтайды және объектіні мемлекеттік қабылдау актісін алады | Жобалау компаниясы | Мемлекеттік қабылдау актісі | ҚМЖ кестесіне сәйкес |
| 9.11. | "ТҚЖБ" АҚ не "ҚИК" АҚ, Құрылыс салушы мен "Даму" КДҚ" АҚ тұрғын үй құрылыс жинақтарын немесе объектіге ипотекалық кредит беруді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "ТҚЖБ" АҚ, "ҚИК" АҚ, құрылыс салушы мен "Даму" КДҚ" АҚ | Объектіге ипотекалық кредит беруді ұйымдастыру туралы шарт | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыру туралы шарт жасасады | | | Актінің алынуына қарай |
| 9.12. | "ТҚЖБ" АҚ не "ҚИК" АҚ ай сайынғы негізде азаматтардың объектіден тұрғын үй сатып алу бойынша қолда бар өтініштер санын ескере келе тұрғын үй құрылыс жинағына немесе объектіге ипотекалық кредит беруді ұйымдастыруға қажетті сомаға тапсырыс береді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, "ТҚЖБ" АҚ, "ҚИК" АҚ | Тапсырыс хат | Шарт жасасқаннан кейін ай сайын |
| 9.13. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ алынған өтінімге сәйкес қаражаттың "ТҚЖБ" АҚ не "ҚИК" АҚ-та ай сайын орналастырылуын жүзеге асырады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | | Шарт жасасқаннан кейін ай сайын |
| 9.14. | ЖК тұрғын үйлерді "ТҚЖБ" АҚ арқылы тұрғын үй құрылыс жинағы субъектілеріне немесе ипотекалық қарыз алушыларға сатуына қарай "Даму" КДҚ" АҚ-ға кредитті өтейді | Жобалау компаниясы | | Сатылуына қарай |
| 9.15. | ЕДБ Бірлескен іс-қимылдар жоспарында баяндалған шарттарға сай келетін ипотекалық қарыз алушылар объектісі бойынша "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ға қайта қаржыландыру туралы тапсырыс береді | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Тапсырыс хат | 2009 жылғы 1-тоқсан бойы |
| | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ қарызды | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9.16. | өтеудің қалған мерзіміне объекті бойынша бұрын берілген ипотекалық кредиттерді қайта қаржыландыру үшін ЕДБ-де қаражат орналастырады | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ | Жедел банктік салым туралы шарт | Өтінім сараптамадан өткеннен кейін 15 күн ішінде |
| **10.** | **Ипотеканы қайта қаржыландыру:**<br>Екінші деңгейдегі банктер қаражатының бір бөлігі қарыз алушының басқа тұрғын үйі болмаған жағдайда өткен кезеңдерде тұрғын ауданы 120 шаршы метрден аспайтын үй-жайды сатып алуға және салуға ипотекалық қарыз алған және осы ипотекалық қарыздарға қызмет көрсету жөніндегі өз міндеттемелерін адал орындаған қарыз алушылар үшін ипотекалық қарыздар бойынша пайыздық ставкаларды 9 % (мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне, мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға, зейнеткерлер мен мүгедектерге) - 11 %-ға дейін (қалған барлық қарыз алушыларға) төмендетуге жібереді. Бағдарламаның жалпы сомасы - 120 млрд. теңге. | | | |
| 10.1 | ЕДБ-дегі ипотекалық қарыздың көлемі мен құрамы туралы ақпаратты жинау және талдау, ипотека бойынша қайта қаржыландыру алатын адамдардың тізімін бекіту | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ, әкімдіктер, "ҚИК" АҚ, ЕДБ | Қайта қаржыландыруды алатын адамдардың тізімі | 2009 жылғы ақпан |
| 10.2 | Қайта қаржыландыруды жүзеге асыру үшін ЕДБ қорландыру көлемін айқындау | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметке есеп | 2009 жылғы 1 наурызға дейін |
| 10.3 | Ипотекалық қарыздардың портфелін қайта қаржыландыру үшін ЕДБ қарыз беру | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | ЕДБ қаражат орналастыру | Тиісті шарттардың жасалуына қарай |
| **Қосымша шаралар** | | | | |
| | **Ағымдағы шаралар** | | | |
| 11. | Тұрғын үй құрылысы объектілерін қаржыландырудың өзге тетіктерін әзірлеу және Үкіметтің қарауына енгізу | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкіметпен қаржыландыру тетіктерін келісу | 2009 жылғы<br>1 наурызға дейін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12. | "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына" халық үшін тұрғын үйдің кол жетімділігін қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер енгізу | ИСМ, Қаржымині, ЭБЖМ, ЖАО | Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы | 2009 жылғы қаңтар |
| 13. | Үлестік құрылыс мәселелері жөніндегі заңнамаға үлескерлердің құқықтарын қорғауды арттыру бөлігінде өзгерістер енгізу | ИСМ | "Кейбір заңнамалық актілерге тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау | 2009 жылғы ақпан |
| 13-1. | Астана, Алматы қалаларындағы және Алматы облысындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау үшін Қор өтеусіз уақытша пайдалануға ақша беретін құрылыс салушылардың тізбесін Үкіметке енгізу | ИСМ, ЭБЖМ, Әділетмині, Қаржымині, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкімет қаулысы | 2009 жылғы сәуір |
| 13-2. | "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" акционерлік қоғамы сатып алатын тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың құнын айқындау тәсілдерін Үкіметтің мақұлдауына енгізу | ИСМ, ЭБЖМ, Әділетмині, Қаржымині, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкімет қаулысы | 2009 жылғы сәуір |
| | "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" | ҚІжТКША, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13-3. | акционерлік қоғамы сатып алатын тұрғын үй құрылысы объектілерінің тізбесін Үкіметтің мақұлдауына енгізу | Әділетмині, Қаржымині," Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ | Үкімет қаулылары | 2009 жылғы шілде-желтоқсан |
| 13-4. | РҚАО-ның ескертпесі!<br>"Қосымша шаралар" кіші бөлімін реттік нөмірі 13-4-жолмен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.06.28 № 659 Қаулысымен (жариялануға жатпайды). | | | |
| | **Орта мерзімді шаралар** | | | |
| 14. | Ипотекалық және тұрғын үй нарығын қолдауға бөлінген мемлекеттік қаражаттың нысаналы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету және оның мониторингі | Қаржымині, ЭБЖМ, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісім бойынша), ЖАО | Үкіметке есеп | 2009 жыл |
| 15. | Жалға берілетін тұрғын үй салу | ҚжТКШІА, ЖАО | Үкіметке ақпарат | Ай сайын |
| 16. | Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде салынған объектілерді тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасының жүйесі арқылы басымды санаттарға өткізу | "ТҚЖБ" АҚ, ЖАО | Үкіметке ақпарат | Ай сайын |
| 17. | **Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және мемлекет қатысатын не ұлттық басқарушы холдинг немесе ұлттық холдинг қатысатын акционерлік қоғамдардың Астана және Алматы қалаларындағы аяқталмаған объектілердегі пәтерлерді сатып алуы.**<br>Үкіметке ақпарат (ай сайын 10-күнге)<br>Пәтерлердің құны Мемлекет басшысының белгілеген Астана қаласында әрленбеген қалпында 1 шаршы метрі 96 мың теңге және Алматы қаласына 120 мың теңге құнын негізге ала отырып айқындалады.<br>Толығымен әрленген пәтерлерді сатып алу кезінде баға арттыру жағына қарай, бірақ 1 шаршы метрін 24 мың теңгеден асырмай түзетілуі мүмкін.<br>Осы бағыт шеңберінде пәтерлер сатып алу процесін қаржыландыру ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және мемлекет қатысатын не ұлттық басқарушы холдинг немесе ұлттық холдинг қатысатын акционерлік қоғамдардың түзілген таза пайдасының немесе байланысты тараптар ұсынатын арнайы қаржы көмегінің есебінен жүзеге асырылатын болады. | | | |
| | Мемлекет қатысатын ұлттық компаниялар мен акционерлік | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 17.1. | қоғамдардың пәтерлерді сатып алуының жалпы қағидаттары мен схемаларын бекіту. | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ", " ҚазАгро" холдингі" АҚ | Акционерлік қоғамдар Директорлар кеңесінің шешімі | 2009 жылғы 1 ақпан |
